

**"Ақмола облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы"
" Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № А-6/247 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № А-12/613 қаулысы.
Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 желтоқсанда № 7596 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңдарына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақмола облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" " Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № А-6/247 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4852 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақмола облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарында:

кестедегі реттік нөмірі 8-жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"

8	Біржан сал	BS
---	------------	----

".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А. Мұратұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржипаев